

ISSN 1811-1815

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



3 '2007



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ГУМАНИТАРЛЫҚ СЕРИЯ

МЕТАФОРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТОПОНИМИЯ

Қ.Т. Сапаров

**С. Торайғыров атындағы Павлодар
мемлекеттік университеті**

В этой статье рассматриваются термины-метафоры, отражающие особенности топонимов Павлодарской области.

Бұл мақалада Павлодар облысының топонимдерін нақты бейнелейтін метафоралық терминдері қарастырылады

In this article are observed terms-metaphors, reflecting the peculiarities of Pavlodar region toponyms.

Қазақтың халықтық географиялық терминологиясын метафоралық терминдер (анатомиялық-лексикалық) толықтырып, географиялық объектілердің ерекшеліктерін айқындап отыр. Адамзат дүниені танып-білмей тұрып, ең алдымен өз тәнін бақылағанын анатомиялық атаулардың көнедігінен байқаймыз. Өйткені дене мүшелерінің аттары жер-суға метафоралық жолмен ауыспас бұрын, анато-

миялық терминдердің болғаны айтпаса да түсінікті. Мұндай атаулар оронимдер мен гидронимдерде айрықша көрініс тапқан. Тауды адамға, малға ұқсатып, дене мүшелерінің аттарын атау етіп беруіне қарағанда, адамзат әуел бастан тауға табынған [1].

Адам, жануар дене мүшелерін, киіз үй т.б. белгілейтін сөздер ішінен ұқсастыру арқылы көшпелі қазақтар (жал, мойын, сауыр) географиялық термин ретінде пайдаланған [2]. Ғ. Қоңқашпаев жазады: мәдени-тұрмыстық заттар, Адам және жануарлар дене мүшелері атауларымен байланысқан метафоралық-терминдер жер бедері пішіні, гидрографиялық объектілерді сипаттайды [3]. Х. Арғынбаев қазақтарда ертеде ислам дініне дейін табиғат құбылыстары мен өргүрлі күштеріне, жануарларға табыну болғанын атап көрсеткен [4].

О.Т. Молчанова алтай топонимиясында метафоралық (адам денесі-табиғи нысан) ауысу жиі кездесетін айта келе, 30 шақты анатомиялық терминді анықтайды. (*бас, төбе, ауыз, тіл, тамақ, тіс, мұры* т.б.) [5]. Аумақтар және тілден тәуелсіз адам және жануарлар мүшелерін бейнелейтін мағынасы заңды түрде ауысатын анатомиялық лексикалар жиынтығы метафоралық-терминдер қолданысында алдыңғы орынды алады. Э.М. Мурзаев метафоралық терминдерді сегіз қатарға жіктеп атап көрсеткен. *Арқа, көз, ауыз, мұры, мүйіз, тамақ, бас, жал* т.б [6].

Қазақ орографиялық терминологиясының осындай байланыстарын анықтау, осы географиялық аппелятивтік лексикалық тобының семантикалық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Аталмыш лексикалық-семантикалық ерекшеліктер халықтың ұлттық өмірінің шаруашылық, этнографиялық ерекшеліктерінен туындайды. Павлодар облысы аумағында кездесетін мета-

форалық терминдерге: *айдар, арқа, ауыз, аяқ, бас, бауыр, бел, бет, бүйрек, ерін, жал, жон, қабақ, қас, кіндік, құлақ, маңдай, мойнақ, мойын, мұрын, сүйек, түмсық* т.б. жатады. Жануарлардың және адам дене мүшелерінің аттары топонимдерге ертеден заңды түрде ауысатынын және арқа сөзінің (арқа, арх, архаа формаларында) өзге түрлі түркі-монғол тілдерінде кездесетінін ескерсек, Арқа, «Сарыарқа» топонимдері түркі-монғол тіл бірлестігі заманында пайда болуы мүмкін деп болжаймыз. Арқа-батысы Торғай ойпатынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін жалғасқан, солтүстігі Батыс сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласқан дала. Мұны - Сарыарқа деп те атайды.

Түркі-монғол тілдерінде жиі кездесетін «арқа» сөзі көшпелілердің жер бедерін бағдарлау өрекетінде қалыптасқан сыңайлы. «Арқанын» алғашқы мағынасы қазіргі кездегі «батыс не солтүстік» ұғымы болмақшы. Түркі тілдерінде ертеректе жоталы, үстіртті жерлер «аркалық» сөзімен аталған деуге болады. К.Каймулдинова дене мүшелеріне сәйкес келетін метафоралар «аяқ, бауыр, бөктер, қойын.» қыс кезінде малды суық желдерден қорғайтын тау етектеріндегі жайылымдарғы қатысты пайдаланылса, «қабақ, тепсең, жарық, өзек, төскей» терминдері жергілікті жердегі жер бедерін нақты сипаттайды деп жазады [7].

Ертіс-Баянаула өңірінде кездесетін метафоралық терминдердің топонимдердегі бейнелену белсенділігін кесте түрінде көрсетуді жөн көрдік. (І кесте).

Кесте 1 - Ергіс-Баянаула өңірінде кездесетін метафоралық терминдер топтамасы

№	Термин	Географиялық мазмұны	Топонимиялық ақпараттың	Орналасқан ауданы
1	2	3	4	5
1	Айыр	Жоғары шығыс көпүсе төртінші тастармен ерекшеленіп кыраттар	Айдар құдық Айдарым 2 тау, қоныс астауы	Екібас масліх қар аумақ Баян ауд.
2	Арқа	Беліні бар бағытта жота төртінші соғылып жатқан қыраттар	Балаяршылық- тау Итарқа тау, қы-тау	Екібас масліх қар аумақ Баян ауд. Май ауд.
3	Ауыз	Тау өзеннің шаталға кіретін немесе, тау өзеннің жанында жерге ағып шығатын жерін айтады	Ауызкөл көл	Баян ауд.
4	Аяқ	Тау етегінегіп өзен саясы, төменгі ағысы мағынасында айтылады	Аяқ шілі ойық, Аяқ сар көл Аяқ малайсар көл Аяқ көл. Дайлау Аяқ құдық қоныс Сегіз аяқ Қоныс. Құтайкөп Көл Т. батаулар бар	Баян ауд. Екібас масліх қар аумақ Май ауд. Екібас масліх қар аумақ Железин ауд.
5	Бас	Өзен, бұлақ суының ағып шығатын бастауы, таудың, төбенің жоғары бөлігі, басы мағынасында айтылады. Бас терминіп Ю-дан астам географиялық, гидрографиялық объектілерге кездесіп отыр	Айбас көл құдық Ақ бас батық Алабас қыстау Басшық қыстау Баскөл көл, қоныс Баскөп көл. Қарбас көл Басқамыс ойық Басқайың көл Итбас көл т.б.	Шарбақ ауд. Май ауд. Железин ауд. Баян ауд. Май ауд. Екібас масліх қар аумақ Железин ауд. Ақтөгей ауд. Ақсу ауд. Ақсу ауд.
6	Бауыр	Тау беткейі, Таудың табаны Төмен жатқан жер, үнемі соғып тұратын жерлерден ықтасындау жерлер (мыл бауырда жайылып жүр.)	Бауыртал қордон Бауырталық қоныс Бауыр қамыс көл Бауыртал сырғы көл, Бауырталдың Бауыры көл,	Шарбақ ауд. Успен ауд. Ақтөгей ауд. Шарбақ ауд.
7	Бөл	а) Оңтүстік Қазақстан және орта Азияның тау жоталарындағы кең жайпақ асулар. б) Оралдық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан өңірлерінде табыны мен жомбының көздіксіз айналымы, аласа келген жайпақ соғылып жатқан қыраттар	Ақбөл тау Белді өзең өзен Белгаш ойық Бөлбел тау Мұрбел тау Белгаш көл.	Баян ауд. Екібас масліх қар аумақ Ақтөгей ауд.
8	Бет	Таудың немесе қыраттың жоғары жағы, беткейлі. Бет-таудың ерекшеленіп тұратын көрінісі (жылқы беткейде жатыр)	Бет тау Ақбет тау Бетгаш қырат, Беткыратың құдық Көлбет көл, Ақбет қырат,	Баян ауд. Май ауд. Ақсу ауд. Екібас масліх қар аумақ Ақсу ауд.

9	Бүйрек	Белди аты Көне түрк Бүй ерек - ойық беткей мазынасында айтылады (Е. Қойшыбаев 1988)	Орта Бүйрек қов., Үлкен Бүйрек жой.	Май ауд
10	Ерін	Шығанақта сұғыла еніп жатқан езен саясы «дығанақ», «ағынсыз қолтық» мағынасында қарастырады (Э.М.Мурзаев 1984). Жергілікті жерде бір-біріне ұдас қатарлас орналасқан көлдерді қарастырамыз	Ерін қоныс Қос ерін (2 көл) (е/а)	Баян ауд Ақт. ауд

Бұл кестеде біз, метафоралық терминдердің қазақтың географиялық атауларында белсенді түрде қолданылатынын көреміз. Қазақтың метафоралық терминдері дәлдігімен, географиялық нысанның сыртқы, ішкі ерекшеліктерін сипаттаудағы әмбебаптылығымен ерекшеленеді.

Табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафт компоненттерін ұштастыратын (литология, жер бедері, климат, су көздері, топырақ өсімдік және жануарлар дүниесі) біртұтас жүйесінің ерекшеліктері жергілікті топонимдерде бейнеленіп, көрініс тапты. Жергілікті қазақтардың қоршаған ортаны танып білуде жинақталған тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, табиғат жағдайларын тиімді пайдалану жолдарын, маңызды мәліметтермен байытты, сондықтан да бізге геоэкологиялық ақпарат көзі болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру, аңшылық, т.б. әрекеттер арқылы қазақ халқында табиғатты қорғау дәстүрі, оның қорларын шаруашылық мақсатта тиімді пайдалану жүйесі қазіргі көзқарастағы геоэкологиялық тұрғыда қалыптасқанын көреміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. - Алматы, 2002. -180 б.
2. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР, серия географическая, - Алма-Ата, 1951. вып.3. -С.3-47.

3. Конкашпаев Г.К. Общие особенности тюркоязычной географической терминологии Ср. Азии и Казахстана // Вопросы географии, -Сб, 1970. -С.174-179.

4. Аргынбаев Х. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством //Хозяйственно-культурные традиции народов Ср. Азии и Казахстана. -М.: Наука, 1975. -С.194-205.

5. Молчанова О.Т. Гидронимы и оронимы Горно-Алтайской автономной области (лингвистический анализ), дисс. канд. фил. наук. - Томск, 1968. 29 с.

6. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. - М., 1974. -382 с.

7. Каймулдинова К.Д. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері (оқу құралы) – Алматы: Ғылым, 2001. - 92 б.